

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 137 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 наурыздағы N 276 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Аграрлық секторға несие беру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 137 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 3, 39-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовке жүктелсін";

2) көрсетілген қаулымен мақұлданған Мемлекеттік қаржы ресурстарын тарта отырып ауыл шаруашылығы өндірісіне несие берудің пилоттық жобасында:

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Корпорация республикалық бюджет қаражатын Жобаны және Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру шеңберінде пайдаланады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ауылдық несие серіктестіктерін құру ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді тиімді және/немесе қайта өңдеуді жүргізетін өңірлерде пайдалы, экономикалық тұрғыдан өзін ақтайтын аграрлық өнеркәсіп кешені секторларында жүргізіледі.";

11-тармақтың 1) тармақшасында:

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"немесе ауыл шаруашылығы өндірісінің" сөздер алынып тасталсын;

"ауыл шаруашылығы" деген сөздер "ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және/немесе қайта өңдеу саласындағы" сөздермен ауыстырылсын; жетінші абзацтағы "өздері өндірген" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*